Б.А. Беремжанов принимал активное участие в различных всесоюзных и республиканских совещаниях, посвященных проблемам исследования и использования минеральных ресурсов Казахстана и других стран.

Б.А. Беремжанов подготовил многочисленных специалистов физико-химического анализа, которые достойно продолжают исследования минеральных богатств Казахстана на благо республики.

Выдающийся ученый Б.А. Беремжанов живет в благодарной памяти многочисленных представителей Курнаковской научной школы физико-химиков.

1989 г.

ОН БЫЛ ПРЕКРАСНЫМ ПЕДАГОГОМ

Доцент Л.А. Кадушкина

С Батырбеком Ахметовичем я впервые встретилась в сентябре 1939 года, когда по приказу Наркомпроса студенты пятых курсов университета были направлены на педагогическую работу, чтобы восполнить убыль преподавательских кадров в связи с военными событиями в Финляндии.

В спешном порядке Батырбеку Ахметовичу было поручено прочитать курс методики преподавания химии для отъезжающих студентов. Лекции были краткими и содержательными и оказали неоценимую помощь начинающим учителям.

Окидывая взглядом прошедшие годы, мне хочется отметить, что Батырбек Ахметович был прекрасным педагогом, требовательным и в то же время доброжелательным. Он с большим интересом проводил практические занятия, живо и эмоционально читает курс неорганической химии и спецкурсы. Принимает активное участие в учебной и воспитательной работе, интересуется бытом студентов и сотрудников. Студенты с глубоким уважением и любовью относились к Батырбеку Ахметовичу. Будучи еще просто преподавателем, он уделяет большое внимание созданию материальной базы кафедры, подбору кадров, методическим вопросам. Он пишет ряд пособий, программ, переводит школьные учебники. Создает первый вузовский учебник по химии на казахском языке.

На протяжении всей своей деятельности он неизменно оказывал практическую помощь молодым преподавателям кафедры в освоении педагогического мастерства. Советы его были ценны и доброжелательны.

Он внимательный и требовательный научный руководитель, воспитавший целую плеяду молодых ученых, которые успешно продолжают начатое им научное направление.

Мы с благодарностью вспоминаем всю ту многогранную деятельность, которую Батырбек Ахметович проводил на кафедре и факультете.

1989 г.



70-е годы. Б.А. Беремжанов со своими учениками

БЕССМЕННЫЙ ДЕКАН ХИМИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА

Доцент И.К. Тойбаев

Батырбек Ахметович в полной мере обладал высокими качествами педагога. Он постоянно прививал преподавателям и сотрудникам деканата объективность и справедливость в рассмотрении любых вопросов, а особенно в студенческих делах.

Он обладал умением объединить людей с совершенно разными характерами и взглядами для достижения единой цели, создавая условия для их совместной работы. Иногда это было неожиданным, но поставленная задача выполнялась, потому что каждый из нас чувствовал его доверие и, следовательно, работал с большей отдачей.

В отношениях с людьми Батырбек Ахметович был исключительно корректен.

За более чем четверть века совместной работы я не припомню случая, чтобы Батырбек Ахметович когда-нибудь в разговоре повышал голос. Это

кажется сейчас мне несколько неожиданным, потому что в нашей работе возникает сколько угодно ситуаций, когда не только можно повысить голос, но и крепко отругать, не выбирая выражений. Но Батырбек Ахметович всегда доказывал своим примером, что спокойным доброжелательным отношением к человеку можно добиться большего, что убеждение, а не принуждение — единственный способ разрешения спорных вопросов.

1989 г.

СТАРШИЙ ДРУГ И КОЛЛЕГА

Академик НАН РК
Б.А. Жубанов

С 1956 года вся моя жизнь, моя научная деятельность связана с Институтом химических наук АН КазССР, Казахским государственным университетом им. С.М. Кирова, Академией наук Казахской ССР.

За эти годы я имел честь работать с выдающимися представителями казахстанской науки: академиками АН КазССР А.Б. Бектуровым, Д.В. Сокольским, М.И. Усановичем, М.Т. Козловским, С.Р. Рафиковым, членами-корреспондентами Е.Н. Азербайевым, О.А. Сонгиной, многими профессорами, работавшими в системе Академии наук и вузах.

Среди блестящей плеяды первых ученых-химиков на почетном месте стоит имя нашего старшего друга и коллеги, члена-корреспондента АН КазССР, профессора Беремжанова Батырбека Ахметовича.

Его разносторонняя деятельность оставила заметный след в научной и общественной жизни Казахстана. Однако мне кажется, что наибольший вклад он внес в развитие и совершенствование высшего химического образования, подготовку высококвалифицированных кадров, становление новых направлений химической науки. Конечно же, Батырбек Ахметович поднял на мировой уровень любимый им химический факультет Казгосуниверситета им. С.М. Кирова.

Б.А. Беремжанов был яркой личностью, который, благодаря высокой культуре, образованию, вниманию к окружающим его людям — старшим и младшим, организаторскому таланту, чувству юмора, всегда привлекал к себе внимание всей казахстанской интеллигенции.

Он был сложным человеком, который прошел непростой жизненный путь и на все события, которые происходили в нашей стране, имел собственное мнение. Поэтому писать о нем сложно, но

мы, его современники, обязательно должны это сделать.

Конечно, еще до приезда в Алматы я знал имена и в какой-то мере научную и педагогическую работу наших химиков — ученых и педагогов. Знал также и о том, что научные направления развиваются неравномерно. Я понимал, что развитие той или иной отрасли тесно связано с личностью научного руководителя, и мы, молодые тогда, приглядывались к нашим лидерам.

В 50-е годы между химическим факультетом КазГУ и Институтом химических наук АН КазССР были более тесные связи, нежели сегодня. Нашим крупным ученым в те годы разрешалось совместительство, как мне кажется, без ограничений, т.е. заведующий кафедрой одновременно мог быть и заведующим лабораторией в институте. Это способствовало интеграции науки и образования, что сыграло положительную роль в нашем развитии. Позитивным было и то, что мы уже в те времена знали всех наших видных ученых и общались с ними.

В развитии всей химической науки, образования, промышленности, особенно химии высокомолекулярных соединений, большую роль сыграло постановление правительства 1958 года о приоритетах химии.

На основании этого постановления было начато проектирование и строительство новых корпусов для Института химических наук и химического факультета, существенно было увеличено финансирование, что позволило открыть новые кафедры и проблемные лаборатории, постепенно расширились штаты и т.д.

По инициативе декана химического факультета Б.А. Беремжанова был введен общий курс "Основы химии полимеров", который в 1959 году начал читать А.Ш. Шарифханов, в то время доцент кафедры органической химии.

Я работал старшим научным сотрудником и исполняющим обязанности заведующего лабораторией синтеза полимеров в ИХН АН

КазССР. В 1960 году меня пригласили в университет прочитать курс "Основы химии полимеров" для студентов 3 курса. С этих лет начинается мое более близкое знакомство с Батырбеком Ахметовичем.

Первое впечатление, говорят, самое верное. Действительно, он производил впечатление человека очень умного, деликатного, находящего общий язык и со студентами, и с сотрудниками, и с академиками. У него полностью отсутствовали такие черты, как снобизм и чванство. Наоборот, он был полон остроумия, доброжелательного юмора в сочетании с принципиальностью и решительностью. Разумеется, я знал, что он крупный специалист в области неорганической химии.

Дальнейшее сближение связано с организацией кафедры химии высокомолекулярных соединений на химическом факультете.

Я думаю, что Батырбек Ахметович как ученый предвидел общий ход развития химической науки, понимал, что XX век — век химии полимеров, в которой сконцентрированы достижения органической и физической химии, физики твердого тела и даже биологии. Поэтому он всячески поддерживал этот раздел химической науки.

Когда же встал вопрос, кого рекомендовать на высокую должность заведующего кафедрой, проявилось еще одно замечательное качество профессора Б.А. Беремжанова, о котором я уже упоминал, — доверие молодым ученым и их поддержка. Очень многие из современных маститых ученых-химиков получили, как говорится, путевку в научную жизнь из рук Батырбека Ахметовича. К их числу принадлежу и я.

В апреле-мае 1963 года я получил приглашение от декана химического факультета КазГУ организовать кафедру химии высокомолекулярных соединений. Решение Батырбека Ахметовича, возможно, связано и с тем, что в те годы я, скромный старший

научный сотрудник, оказался фактически единственным кандидатом наук в области химии ВМС и имел достаточное количество опубликованных работ в ведущих журналах нашей страны.

Работая с 1963 года заведующим кафедрой химии высокомолекулярных соединений, а затем профессором до 1990 года, я в полной мере оценил высокий организаторский талант Батырбека Ахметовича, его непререкаемый авторитет в коллективе, его умение решать самые сложные вопросы, как теперь говорят, в конструктивном духе, его принципиальность, высокую эрудицию и многое, многое другое, чем обладал этот удивительный человек.

На совещании с присутствием руководителей университета распределяли нынешнее здание химического факультета. Сложнейший вопрос. Тем не менее, Батырбек Ахметович в острой обстановке сумел отстоять необходимость полного использования этого помещения химиками.

Участвовал я также на заседании по зачислению студентов и их распределению на работу. Всегда удивляла способность декана найти общий язык с молодежью и, не задевая их достоинства, принять необходимые решения.

Восхищало нас и его умение вести специализированный Ученый совет по защите диссертаций. Всегда создавалось деловое и в то же время праздничное настроение. Помню, на защите одной докторской диссертации все три оппонента были равного положения, и возникла небольшая проблема последовательности их выступлений. Батырбек Ахметович быстро нашел удовлетворяющий всех выход: "У казахов обычно первым выступает старший по возрасту и далее по нисходящей".

Большой вклад он внес в становление и развитие нашей кафедры химии ВМС. С первого года организации кафедры у нас были дипломники и аспиранты, а в дальнейшем к нам распределяли лучших студентов. В меру возможностей кафедра оснащалась приборами и оборудованием; была тесная связь с ИХН АН КазССР.

Батырбек Ахметович Беремжанов большое внимание обращал на сплочение химиков республики. Он говорил, что химии — это особый род, что мы должны работать вместе, помогать друг другу независимо от занимаемого положения, возраста.

Личная научная деятельность нашего учителя является актуальной и становится еще более необходимой сегодня, когда на первый план выступают экологические проблемы, защита окружающей среды. Чистота наших озер и рек, использование солей, влияние хозяйственной деятельности человека на состояние среды обитания требуют постоянного внимания ученых. Батырбек Ахметович — пионер в этой области.

1996 г.



45-летие кафедры неорганической химии. В центре сидит А.Б. Бектуров



Құлаққағыс

2001 жылдың 29-қарашасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің ұйымдастыруымен профессор Т.С.Амандосовтың туғанына 80 жыл толуына орай «Қазіргі журналистиканың теориясы мен тәжірибесінің мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болады.

Өтетін жері – 15 қабат, мәжіліс залы.
Басталуы – 14.00-де.

● Тауман Амандосов - 80

Ұстазды ұлықтау - парыз



Ұстаз деген ұлы ұғым. Ол әлдекімдер ойлайтындай, қара басының қамын күйттеп, жан бағып жүрген қарақұрым көптің бірі емес. Шәкірттер жүрегіне ізгілікке толы адами қасиеттердің дәнін сеуіп, соның бұр жарып, қаулап өсуіне бар болмысымен шын берілген асыл мұратты жан.

Біз өңгіме еткелі отырған сондай ұстаздың бірі - Тауман Салықбайұлы Амандосов. Есімін әр кез заңғар замандастары мен шартарапқа жайылған шәкірттері ерекше ілтипатпен тебірене еске алатын менің аса құрметті диплом жетекшім. Оның журналистік және ғалымдық қырлары арнайы зерттеуге өбден лайық жатқан бір өлем. Бұл тұрасында бір ауыз сөзбен түйін айтсақ, ғалым есімі журналистика ғылымы мен журналистердің білім ордасын еске түсіреді және қосақтала айтылады. Бар саналы ғұмырын осы жолда, қазақ журналистикасының қара шаңырағы ҚазМУ-дің журналистика факультетінде өткерген ұлағатты ұстаз еңбегінің жемісі бұл.

Ұстаздықты, тек білім берумен шектесек, қателескен болар едік. Мұны бір ғана қыры десек, одан басқа да олшем таразымыз болуға тиіс қой. Киім киіс, жүріс-тұрыс, мінез-құлық бар мәнері, болмысымен шәкірт жанын жаулап, оны адами өмір сүруге баули алатын жан ғана ұстаз атануға өбден лайық. Біз білетін Амандосов сондай жандар қатарынан болатын.

Ағайдың ерекше қасиеті шәкірттерін бір - көргеннен-ақ таныттығы еді. Ол таныстық сыртқы бет-пошымын ажырата білумен ғана шектелмейтін. Ішкі жан дүниесін, таланты мен талабын тапжылтпай таныттығымен қауышып жататынды. Бұл да тума дарын иесінің ерекше қасиеті екендігіне енді көзіміз жетіп жүр. Мына жай еріксіз таң қалдырмай қоймайды. Тәукең бірінші курс студенттеріне «Журналистикаға кіріспе» деген пәннен сабақ беретін. Семестр соңында сынақ алатын. Сондағы бағалары шәкірттерінің болашағын айқындап қойғандай дәл берілетініне тәңті болмай көріңіз. Ол «өте жақсы» деп жоғары бағалаған балалар – бүгінде ел сенімін ақтап жүрген журналист - ғалымдар. Солардың ішінен өз курсынан бірнешеуін ғана айтайын: филология ғылымдарының докторы, белгілі әдебиеттанушы ғалым Амантай Шөріп, филология ғылымдарының кандидаты, журналист Жарыққап Қалыбай, «Шаһар» телерадио компаниясының вице-президенті Нұрлан Нұрғазин, «КТК» телерахнасының бас редакторы Қадіржан Забиш, танымал түрікшіл-журналист Сраил Смаил, «Хабар» телерахнасының Өзбекстандағы меншікті тілшісі Әбдес Иманқұл, т.б. Бұлардың ерқайсысы қазір өз саласының білікті мамандары ретінде көп құрметіне бөленіп, биік мұраттар жолында қызмет етіп жүрсе, оны ұстаз еңбегінің жемісі, көргендік қасиетінің айқын айғағы демеске лаызың жоқ.

Мақаламның басында айтқандай, Тәукең менің диплом жұмысымның жетекшісі болды. Бұл 1990 жылдың жазы еді. Араға жетпіс жылдай уақыт салып, ардақты алаш азаматтарының бірінен кейін екіншісі ақталып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей, мөре-сәре болып жатқан уақыт. Қайта құру, жариялылықтың лебі есіп, ой-санадағы дүбір қоғамдық құрылыстағы қым-қиғаш оқиғалармен астасқан тұс. Бір жағынан, пікір еркіндігі, бұрын ресми тыйым салынып келген мәселелердің ашық айтыла бастауы жан сарайымызға сөйле жамыратып, ішкі дүниемізді шуаққа бөлесе, екінші жағынан, әлеуметтік жағдайдың нашарлап, күнделікті тұрмыстың ауырлауы көптің көңіліне қаяу түсіріп, аландаушылығын арттырған өліра шақ. Қысқасы, жаз бен қыс бір мезетте қатар

келіп, адамдарды тосын жағдайға тап қылған аласапыран мезгіл.

Осының бәрі Тәукең секілді сыртқы әсерді жан дүниесімен сезініп, жүрегіне жақын қабылдайтын шығармашылық адамдары үшін оңай соқпағаны белгілі. Жетекшілік жүрек сырқатымен қалалық кардиология ауруханасына жатып қалды.

Диплом жұмысының тақырыбын «Міржақып Дулатовтың журналистік қызметі» деп бекітіп алған болатымын. Алаң ардақтысының Қазақстан Компартиясы орталық Комитеті құрған арнайы комиссиясының шешімімен 1989 жылдың 28-маусымында толық ақталып шыққаны баршаға аян. Бірақ, бай шығармашылық мұрасы әлі зерттелмеген тұрmaq, жинақталып үлгермеген елең-алаң кез-тұғын. Қол жеткен мұрағат материалдарымен танысып, сол кездегі А.С.Пушкин атындағы кітапхананың және ұлттық Ғылым академиясы кітапханасының сирек қолжазбалар қорында сақталған ХХ ғасырдың басындағы газет-журнал тігінділеріндегі жарияланымдарын жинап, өзімізше талдап, диплом жұмысымды жазып бітірдім де жетекшіме ауруханаға апарып бердім. Бұл жұма күні болатын. Ол толық танысып шығуға үш күн керегін айтып, жетекші пікірі үшін дүйсенбіге келуімді тапсырып, шығарып салды.

Келіскен уақытта ауруханадағы Тәукеңнің палатасына кіргенімде жетекшім мені ерекше ықыласпен жылы қарсы алды. Содан-ақ диплом жұмысымның ұнағанын біле қойдым. Тәукең мені көп бөгемейтінін білдіріп, қолыма қалам-қағаз алуымды тапсырды да, шеттегі орындық пен үстелді нұсқады. Өзі бөлмені ары-бері кезіп, ұзақ ойланым жүрді де, бір мезгілде жаз дегендей белгі берді:

-Өртенген қара ормандар,- деп бір тоқтады да, тағы да ойланым тұрып:

- Сыңсыған үн,- деп сөзін жапсады. Бөлмені тағы үнсіздік басты. Ол өз ойымен, мен өз ойыммен өзүр. «Апырмау, пікір деген бұлай жазылмаушы еді ғой» деймін іштей қобалжып. Ол ойымды оқып қойғандай, сөйлемді жалғастыра жазуға ишарат етті де, былай деп іліп ектті:

- Алып ұшқан жүрек дүпкілі осы жас студентті толғантады, ойландырады. Талай ардақтылар, талай данышпандар өртенген тоғайдың қасіреті қалып кәріп, қайғырады, жанын ауыртады. Сөйтіп, өртенген орманның шалағой жыртық жапырағын қайта көктеуге өрекет етеді, ұмтылады.

Осы сөздерден кейін ол менің арқамнан мейірлене қағып, ағалық ризалық сезімін білдірді де, пікірінің қалған бөлігін тездетіп айтып шықты. Онда жұмыстың жоғары деңгейде жазылғандығы, студенттің бес жылғы ізденіске толы еңбегінің жемісі екендігі, сондықтан мемлекеттік емтихан комиссиясы тарапынан өте жақсы бағалануға лайықтығы туралы айтылған. Бұл менің өмір бойы естен кетпес бақытты сәттерімнің бірі еді. Еңбегімнің жанғанынан артық қандай бақыт бар?! Соны алғаш сезіндірген, соншалықты қуаныш сыйлаған ұстаз бейнесі көз алдыма мәңгілік сақталып қалғандай. Ұстаз ұлылығы да сонда шығар.

Ал, «өртенген қара ормандар, сыңсыған үн» ұстаз көңілінде шер боп қатқан халқымыздың тағдыры, талай тарихының образды көрінісі екендігін кейін, кеш ұқтым.

Қайрат САҚ, ҚазҰУ-дің баспа ісі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент



● Ысмағұлбек Гаспринский - 150

Үстіміздегі жылдың қазан айының 26-27-сі аралығында Түркияның астанасы Анкарада Ысмағұлбек Гаспринскийдің туғанына 150 жыл толу мерейтойына орай симпозиум өтті. Бұл - күрескер ірі тұлғаның өзі өмір сүрген дәуірдегі Ресей патшалығына бағынышты түркі халықтарының азаттығы жолындағы қайраткерлік іс-әрекеті мен шығармашылық мол мұрасының орасан зор маңыздылығын түрлі қырынан сипаттап, лайықты бағасын берген ғылыми жиын болды.



Аманқос МЕКТЕП, ф.ғ.к., ҚазҰУ-дің доценті

Ысмағұлбек Гаспринскийге арналған симпозиум

Ысмағұлбек Гаспринскийге арналған мәслихатқа Түркия мемлекеті айрықша мән беріп, түбі бір туысқан халықтардың өзара рухани байланысын нығайтатын айтулы оқиға екендігіне назар аударды. Симпозиум жұмысына Түркия Республикасының бұрынғы Президенті Сүлеймен Демирелдің қатысып, ғалымдар алдында Ысмағұлбек Гаспринскийдің аруағына тағзым етіп, құттықтау сөз сөйлеп, ізгі тілек білдіруі - бас қосудың көркі әрі көрсетілген үлкен құрмет болды.

Екі күнге созылған бұл форум-шыын мәнісінде, ғылым сүйер қауымның мерейін өсірген мейрамына айналды. Түркияның Стамбул, Измир, Қырымның Ақмешіт, Бақшасарай, Татарстанның Қазан, Әзербайжанның Бақы шаһарынан келген қонақтар қатарында Қазақстанның Алматы қаласынан біздің де қатысушымыздың сөзі түсті.

Ысмағұлбектің (кей тұста Исмайылбей, Исмайыл деп те жазылады) арғы тегі, қаза бергені, Қырым хандарына барып тіреледі. Әкесі Мұстафа 1853 жылы поручик шенін алып, орыс ақсүйектерінің шешіре кітабына есімі жазылған әскери адам болған. Ал өзі Қырымның оңтүстік-батыс жақ бетіндегі Ялтаға баратын тас жолдан он шақырым жердегі Гаспра ауылында 1851 жылы наурыз айында, Ұлыстың ұлы күні дүниеге келеді. Бұл тарихи оқиғалардың бәрине куәгер - оның ата-бабасының Гаспра-Исар қорғанындағы ата жұртының орны...

Ысмағұлбек әу баста білім нәрін ауылдық мектепте мұсылманша әліпби танаудан бастайды. Содан соң Воронежде, кейін Мәскеуде кадет корпусында оқуын жалғастырады. Оның азаматтық санасының тез жетіліп қалыптасуына, тал бойында ісі адам баласына ізгіліктің нұрын төксем деген арманның бұршік жаруына Мәскеу шаһарының қандай қайнаған саяси-мәдени тыныс-тіршілігі зор есер етеді. Ол кездегі империяның әскери оқу орындарына түскен славян емес ұлт өкілдерін христиандардың әдет-ғұрып, ырым-сырымдарын бойға сиңіру мақсатымен нағыз ұлтшыл орыс зиялыларының үйлеріне белгілі мерзім аралығына жатқызу дәстүрі болатын. Тағдырдың жазуымен осылай Ысмағұлбек «Московские ведомости» газетінің редакторы, славяншыл (славяно-офил) Иван Катковтың пәтерінде тұруы көп нәрсеге көзін ашады. Ол біршама уақыт үй қожайынымен демдес, сырлас бола жүріп, үнемі орыс баспасөздерін, соның ішінде «Московский ведомости» газетін де үзбей оқиды. Әрине, Иванның қаламынан шыққан мақалаларды шәкірт жігіт қалт жібермейді. Сондағы байқағаны - бір шаңырақ астында бірге тіршілік кешіп жатқан Иван мақалаларының негізгі желісі түркі халықтарын бұратана, тағы қылып суреттеуі; ал Катковтың осылайша кемсітіп

жазу, қорлап сөйлеуден көдімгідей ләззат алуы.

... Ысмағұлбек шет елдерді аралаған сапарында заман ағымына ілесіп, әлемдегі жаңалық атаулымен құлақтанып отыру үшін ұлттық баспасөз құралының қажеттігіне өбден көзі жетіп қайтады. Бірақ ол күнде патша үкіметінің тәртібі бойынша тасқа басылатын дүниенің баршасы міндетті түрде Петербурдағы арнайы мекеменің тексеруі мен бақылауынан өтіп, рұқсат етілетінді. Ол астанаға жиі барып, онда айлап жатып, қолында билігі бар бюрократ, лауазымды ығай мен сығайлардың есігін тоздырып жүріп, бұл мақсатына жетеді.

Гаспринскийдің «Төржіманы» шағын ғана көлеммен және шамалы ғана таралым данамен атпасына 1-2 рет шығып тұрса да, осы кішкене парактың тигізген ықпалы жағынан орыстың «Новое Время» немесе ағылшынның қандай бір алып басылымы болмасын, айталық, «Таймстан» маңызы мың есе асып түсті» (Джамалютдин Валидов. Түркі истории образованности и литературы татар. Москва-Петроград, 1923; Oxford, 1986, 82-83). Сөйтіп, 1883 жылы көкек айының 10-ы күні өзі түзген әліпби негізінде «Тілде, істе, пікірде бірлік!» ұранын (девизін) күтеріп, «Төржіман» газетінің тосауын кесіп, тұңғыш санын шығарады.

Газет көтерген өзекті тақырыптар: түркі халықтарының тағдыр-тауқыметі, олардың тілі, діні, ділі, әдет-ғұрпы, жер-суы, өткен тарихы мен ауыз әдебиеті үлгерінің нұсқалары, шешендік өнері мен ақын-жыраулары, елдік салты мен дана ғұламалары, хандары мен батырлары, тағы басқа. Сарғайған газет беттерін парактай отырып, олардың басым көпшілігінің бүгінгі күні де мәнін жоймаған, дінгір мәселелер екенін көреміз. Әр жылдардағы «Төржіманды» көктей шолғанның өзінде қазақ халқының мәдениеті мен тарихына тікелей қатысты «Торғай нем Орал облыстарындағы қазақтардың жағдайы» (1883), «Қазақтар» (1888, N12, N43), «Түркістанды орыстардың басқаруы (1889, N2), «Орыс қоныстанушылары мен жергілікті қазақтардың құқы» (1896, N44), «Орыс қоныстанушылары қазақтарды шурайлы жерлерінен ығыстыруда» (1897, N5), «Қазақтар және отарлау саясаты» (1899, N23), «Тұтас халықтың қырғыны» (1908, N78), «Түркістанның жаңа тарихы» (1905, NN 17-20, 32, 33, 39, 57, 59, 69, 84, 87, 89), тағы сол сияқты сан алуан-алуан ашы мақалаларды көзіміз шалады. Бұлардың бәрін жинақтап жүйелеу, көлеміне асыру - әрине, кезегін күтіп тұрған қажетті істің бірі.

Жалпы газеттің ғұмыры 35 жылға созылып, 35 жыл тынбастан түркі жұртына адал қызмет етті. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы 1914 жылы «Қазақ» газетінде:

«Төрт-бес жылдың ішінде шығып тоқтаған нем осы күнде шығып тұрған түрліше газета-жорналдардың бәрі «Төржіманның» балалары» - деп әділ бағасын берген еді. Демек, түркі халықтарының баспасөз саласындағы ілкі тәжірибесі, алғашқы мектебі - «Төржіман» болғанына бұл дәйексіз куәлік беріп отыр.

Ысмағұлбек Гаспринский - сонымен бірге Қырым татарлары әдебиетінің іргетасын қалаушы тұлға. Оның 1881 жылы шыққан «Тұңғыш» атты тырнақалды дүниесінен бастап «Русское мусульманство», «Мәдениет исламға», «Франстан мектептері», зерттеулерімен қатар, «Екі баһадүр», «Күн шықты» және «Молла Аббас», «Жүз жылдан соң» романдары жарық көрген.

Ысмағұлбек Гаспринский есімі қоғам қайраткері ретінде де заманында айдай әлемге таралып, танымал болды. Оның Халықаралық мұсылман конгресін өткізіп тұру идеясын жер шарының көптеген елдері қуана қарсы алды. 1910 жылы француздың «Мусулман әлеміне шолу» атты беделді журналы Ысмағұлбек Гаспринскийге халықаралық Нобель сыйлығын беру жөнінде ұсыныс жасаған болатын. Бұл ұсынысты сол дәуірдің әйгілі дуалы ауыз, дара тұлғалары бір ауыздан қолдап та жатты. Ал не себептен оған бұл сыйлықтың берілмегені бізге әзірге беймәлімдеу.

Түркі бірлігінің туын көтерген Ысмағұлбек Гаспринскийдің туғанына 150 жыл толу мерейтойына арналған Анкарада өткен симпозиумның материалдарын таяу арада жеке жинақ және деректі ғылыми-танымдық фильм етіп шығару ұйғарылды. Сондай-ақ, «Төржіман» газетінде 1883-1918 жылдар аралығында жарық көрген қазаққа қатысты жарияланымдарды шығармашылық бірлестікпен жеке кітап қылып бастыруға Түркия жағы қол ұшын беретін болды.

Анкараға келген алғашқы сәтте-ақ қолымыздағы АҚШ долларын түрік лиріне ауыстырдық. Сөйтіп қойын қалтамызда жүз миллион ақша жатты. Түрік экономикасына әліге дейін табиғи зілала зардаптары мен сыртқы саясаттағы өзінің мүддесі тұрғысынан жұмсалып отыран қыруар шығындардың із-бедері бар сыйайлы көрінеді. Алайда елде гиперинфляция бола тұра қарапайым күнделікті тұтынатын азық-түлік пен киім-кешектің біздегімен салыстырғанда әлдеқайда арзандығына қайран қалдық. Әлеуметтік тұрмыстың деңгейі жағынан да көш ізгері. Көшедегі өміні түрік ағайындардың бірдене сұрай қалсаң көмекке дайын елгекектігі мен имандылығы да көңілге жылылық ұялатады. Дегенмен Түркияға келіп «миллионер болғанымызды» біз жақсылық ырғама балдақ. Лайым, миллион молшылық болғай! - деп аттандық.

Біздің сұхбат

ЗАМАН ЖӘНЕ ЖАСТАР

Білім мен тәрбиенің егіз ұғым екендігі ақиқат. Тәуелсіздіктің ертеңгі тұтқасын ұстар жастардың бойында ұлттық болмысқа қарай бұрылу өрекеті басым болмағы шарт. Белгілі сатирик жазушы, ұстаз Үмбетбай Уайдаұлымен болған тілші әңгімесі негізінен осы төңіректе ой қозғайды.



Ышқырларына қыстырып, дәрістерге андасанда бір келіп-кетіп жүретін салпаңбайлар, жоғары оқу орындарында бөлен жыл оқып, бірде-бір театрдың не көпшілік кітапханасының есігін ашпаған жарықтықтар біздің кезімізде де, кейін де, қазір де жеткілікті. Көркем әдебиет оқу мәселесі бүгінде бүкіләлемдік проблема. Олжас Сүлейменовтің сөзімен айтсақ, теледидар адамдардан кітапты тартып алды.

Биыл Америкада (Вашингтон) математикадан мектеп оқушыларының халықаралық олимпиадасы өтіп, оған 83 ел қатысты. Қазақстан жастары 4-орын алып қайтты. Олардың ішінде Алдонғаров Әлібек, Бектеміров Бауыржан, Жұмакешов Аман, Ганишев Игорь алтын, Ументаев Сергей күміс медальға ие болып, Күсерқұлов Ұлан Құрмет грамотасымен марапатталды. Бұлар - сіздердің замандастарыңыз, біздің болашағымыз. "Не нәрсеге де бір жақты қарау, не нәрсені де біржақты бағалау үлкен әбестік" деуіміздің реті сол.

- Басқа ұлттар жастарымен, өсіресе, орыс халқының кейінгі буын өкілдерімен салыстырғанда қазақ жастарының қоғамдық белсенділігін қалай бағалайсыз?

- Жалқау қай халықта жоқ, жасық қай халықта жоқ? Бұл мәселені де бір жақты бағалау - қате.

Сырт көз сыншы. Анда-санда шетелдіктердің аузынан біздің халықтың жастарына берген бағасын естіп, басылымдардан оқып, іштей қынжылатынымызды жасырмаймыз. Корейлік жас азамат Те Чан Хо былай дейді: "Қазақ жастары көп оқымайды, ізденбейді. Корейнің жастарына қарағанда білімге құштар емес. Тағы бір ерекшелігі, білмейтін адамдарға қайырымсыз". "Қазақ жастары өз мәдениетінен алыста жүр екен, олар өздеріне басқа ұлттардан төмен болып қарайды. Сол себепті, Қазақстанның жастарына менің көңілім қалды".

Маган Компи, американдық: "Америкада өмір сүру қиынырақ. Америкада жастар көбірек оқиды".

- XXI ғасырдағы қазақ жастары өздерінің ұлттық қалпын сақтай ала ма?

- Бұл сауал-сурақты таратып айтпас бұрын біз әуелі ұлт дегеніміз не - соның басын ашып алайық.

Ұлт дегеніміз, өз сөзімізбен айтсақ, ғасырлар бойы қалыптасқан ру-тайпалар қауымдастығы, халық. Ұлт дегеніміз мәдениет, әдебиет, тіл, салт-дәстүр, ғұрып, наным-сенім, т.б.

Уақыт, екбастан, бір орнында тұрмайды. Уақытпен бірге әдебиет, мәдениет, тіл дамиды, салт-дәстүр, үрдістер жанарады, өңделеді, сұрыпалады. Халықтар да сол уақыттың, заманның, қоғамдық формацияның ыңғайына қарай бейімделіп, алға жылжиды. Ұрпақ ауысады. Біз кешегі кеңес қоғамының жастарымыз. Ол қоғамда да жақсы сөз, жақсы идеялар, жақсы салт-дәстүрлер болды. Қазіргі жастар да жаңа ғасырға жанғырған, жасарған жана салт-дәстүрлер мен ұлттық тілін, әдебиет-мәдениетін алып баралды.

Дін мәселесіне келсек, мұсылман діні бірте-бірте күш алуға тиіс. Сонда кірме діндер өлсірейді, жөнін табады. Менің байқауымда, бізде мұсылман дінінің насихаты өлсіз, діни ғұламалар аз.

Содан кейінгі бір қайшылық: біздің Ата Заңымызда "кім қай дінді тұтынамын десе де еркі" деген жолдар бар. Бір үлкен кедергі - осы.

- Ұстаз ретінде қазіргі қазақ жастарының рухани байлығы, білім деңгейіне көңіліңіз тола ма?

- Не нәрсеге де біржақты қарау, не нәрсені де біржақты бағалау - үлкен әбестік. Кітапханаларға жиі бас сұғамыз. Қаптап отырған жастарды көріп, жанымыз сүйсінеді. Оқимын деген адам оқиды. Дәптерлерін

Жыр-дария

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Сәлима ҚАЛҚАБАЕВАНЫ әріптестері мен шәкірттері атынан 40 жасқа толған мерекесімен құттықтай отырып, ақын шығармашылығынан жыр-шашу ұсынамыз.



Түсіремін сезімнің сыр-сәулесін...

ӨНЕР ДЕРТІ

Жаным жақпай өлде не, Түнжырап жүрем ұдайы. Қалғандай ұйып бар денем, Ғайып боп көңіл Күн, Айы.

Кезімде мұндай құр сұлық, Тіл қатпан жанға жарқылдап. Жүремін іштей күрсініп, Қаймана осы қалпында-ақ.

Өмірде мына ғажайып, - Демісің - қандай бар қайғың?! Несібем жырдан азайып, Үлессіз қалған жандаймын.

Қиялда лаулап маздақ от, Андысын ойдың андаймын. Әйтеуір жанға маза жоқ Сағымшы қуған жандаймын.

ШАБЫТ

Ғұмырлық менің серігім ой-жүктері Қыз-тағдыр тағы тірлікті құйбең жүктеді. Құрығын ойдың салмасаң мығым ұстатпас, Жыр асау тұлпар, төкаппар, неткен мықты еді.

Сезіммен өріп көңілдің нәзік қырларын, Зейінмен жүрек өуенін ғана тыңдармын Десем де, кей сөз (қатайсын дей ме мені өлде...) Соққылап кетер ағыны тізбек жылдардың.

Аққудай ұшқан сағынып күміс көлдерің, Жүректі жарып шырын жыр тумай шөлдедім. Музасыз ғұмыр думаны қайтқан базардай, Құмардан шыққан ағытпай өлең селдерін.

Көсілу арман даламда күшті шындап бір, Булақтай тұнық сезімнен туған қымбат сыр. Шалдырмай ызғар, жолыңда сенің тер төгіп, Жүрегі жылы бапкерің болсам, құндақ - жыр.

Жанымды баурап құпия, терең сыр тылсым, Ойлардың талай аударам қалың қыртысын. Көңілім - құйын, барады сана үйіріп, Қайдасың, шабыт, сағынтып келер жыл құсым?..

Тіршіліктің көрініс-көрмелері, Көз алдымда үздіксіз тербеледі. Бір тылсым күш кеткен-ау шертіп, сірә, Дірілдейді сезімнің пернелері.

Бойды билеп, үйіріп сананы да, Жетелесе ой тартыс-аланына, Түсіремін сезімнің сыр-сәулесін Рентген-парағым.

Шешімін таптырмайтын Мен саған жұмбақтаймын. Оңды-сол ақтармай тым Сырымды құндақтаймын.

Бізден жарылардай Қарасың анық маған. Жүрсін-ау арыла алмай Ойлардан сан ұқпаған.

Бір сені ұнатсам да Білдірмей сызданамын. Өзгеге ұн қатсаң да Тек іштей қызғанамын.

Көзімде тұнып қалған Көңіліңнің ерке назы. Жандаймын оны ұқпасаң Тарқаған ерте жазы.

Сезімдерім - тынымсыз ой-қамалым, Сезімдерім - тіршілік, бойда барым. Жанарларым мұңлылау көрінгенмен, Жігерімді жасық деп ойламағым.

Нәзік жаным қалайды жылы ұғым, Төзімім бар жететін сыңға мығым. Бойлар болсаң мендегі сезімдерге, Мына өмірді ақындық көзбен ұғым.

Кернегенде кеудемді дала үні, Құшағымға сыймастан лала гүлі, Түсемін бір елгезек ғажап күйге, Арылмаған жандардай балалығы.

Тілдесемін жапырақ, тамшы үнімен Табысамын қиялдың талшыныммен. Сеніміне ене алсаң, бәрі-бәрі Сырласады екен-ау бар шыныммен.

Дала сырын, жүрек пен сана тілін, (Ығыстырар мұңдардың кара түнін). Айта алсам, онда мен жол тапқаным, Сезіміңе сенің де баратұғым.

Атамұра

Айтыстың ерке Айнұры



Айнұр ТҰРСЫНБАЕВА, ҚазҰУ-дің журналистика факультеті сырттай оқу бөлімінің 1-курс студенті, белгілі айтыс ақыны

Ғасырлар бедерінен күні бүгінге жеткен төлтума салт-дәстүрлеріміздің бірі - айтыс өнері. Жетпіс жылға созылған тоқырау кезеңі өзге жәдігерлерімізбен бірге айтыс өнеріне де оң қабақ таныта қоймады. Бірақ ұлтымыздың қанына сіңген ұлы мұра өзінің қасиеттілігін таныта біліп, жариялылық заманында қайтадан жарқырап көрініп, халқымыздың рухын көтеруге үлес қосты. Бүгінде айтыс десе, елең етпейтін қазақ жоқ. Осынау өнердің саңлақтарының бірі, аз ғана уақыт ішінде көрермендердің көзайымы болып үлгерген Айнұр Тұрсынбаева "ҚазҰУ-ге оқуға түсіпті" дегенді естігенде біз де елең ете қалдық. Осы көңіл-күйдің ауанында ақын қызға жолығып шағын әңгіме-сұхбат жүргізген едік.

- Айнұр, сен кеше ғана ҚазҰУ-дің журналистика факультетінің студенті атандың. Мамандықты дұрыс таңдадың ба? Ертеңгі күні журналист боламын деген мақсат бар ма? Жоқ, өлде?..

- Әрине, дұрыс таңдадым деп ойлаймын. Айтыс - бұл өнер ғой. Өнердің сыртында бір мамандық та керек. Әр нәрсеге ұмтылғанда адамда бір мақсат болмай ма? Менде де журналист болсам деген мақсат бар. Студент атануыма қол ұшын созып, көмек берген университет ректоры Төлеген Қожамқұлов ағамызға алғысым шексіз.

- Теледидардан айтысты көретін барлық адам жүзі жарқын, өзілқой періште қыздың арманы жоқ қой деп ойлайды. Шындығында арманыңның бәрі орындалғандай. Бірақ адам шіркіннің арманы біткен бе? Пенде ретінде тағы бір арманыңды айтсаң?

- Екі кішкентай перзентім бар. Сол екеуі үлкен азамат болып өссе екен деймін. Менің ендігі үміт-арманым сол екеуі ғой. Солардың болашағына алаңдаймын.

- Айтыс арқылы өз аудиторияңды

таптың. Халқыңның кенже қызындай еркелеп келесің. Ал енді өзіңе соншалықты бақыт сыйлаған өнер жолына келуің жайлы айта кетсең.

- Басында жазбадан бастадық қой.*Өлең жазатын көп арудың бірі едім. Сол мектеп қабырғасында жүріп айтысқа шықтым. Содан бері өнердің баспалдағымен бірте-бірте өрлеп келеміз. Бір Аллаға тәубе деймін.

- Үлкен ақын ағаларың мен жеңгелеріңнен кімдерді ұстаз тұтасың? Қандай қасиеттеріне қызығасың? Және қандай үлгі алдың?

- Серік Қалиев, Айтақын Бұлғақов сияқты ағаларым мен Әсия, Әселхандай апаларымды ұстаз санаймын. Бойларындағы барлық қасиеттері ұнайды десем артық болмас. Сол қасиеттерінің бәрінен үлгі аламын.

- Олай болса, сенің де өсіп келе жатқан іні-сіңлілеріңе үлгі боларлық кезің келді. Оларға не айтар едің? Кімдерге көңілің толады?

- Оларға көп ізденіндер, оқындар. Өнерге адалдықпен қараңдар. Өздеріңді жаман ғадеттерден таза ұстаңдар. Арамдыққа

бармандар. Жалған айтпаңдар дер едім. Ал үлгі алғысы келсе, ол өз еркілерінде. Көбіне-көп Ринат Зайтовқа көңілім толады.

- Жүрсін ағамыздың жаңа жобасы, яғни "Жекпе-жек" айтысы жайлы өз пікірің.

- Ол кісі бір нәрсе істесе біліп істейді ғой. Жүрсін ағамыз қай жақта болса, біз сол жақтамыз. Дұрыс. Меніңше, сөтті шыққан. Бірақ халықты жалықтырып алатын сияқты. Төзімді көп талап етеді ғой бұл өзі. Енді, Құлманбет айтысын жасаса, жеңілген ақын өзі мойындап орнынан тұрып кететін...


- Надежда Лушникова апамыз: "Қазіргі айтыскерлер жанды қуыршақ сияқты. Олардың араның машина ашып кетті", - деген еді. Ол кісінің айтпақ ойы не? Алып-қосарыңыз бар ма?

- Ол кісінің не айтқысы келгенін білмеймін. Бірақ сөзіне қосылмаймын. Ол кісінің заманында айтыс ақыны қандай еді, бүгін де сондай. Ешқандай өзгерген жоқ. Біз сыйлық үшін емес, айтысу үшін жаралғанбыз. Машина тікпей-ақ айтыс ұйымдастырсын. Біз айтыса береміз. Айтыспай қойсақ, сонда айтсын...

- Отбасың жайлы бірер сөз.
- Күйеуім Илияс, әскери қызметкер. Бір ұл, бір қызым бар. Ұлымның аты Беглан. Қызымның аты Айдана. Жақсы отбасымыз. Күйеуім өнерімді бағалайды.
- Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен Бейбіт САРЫБАЙ

●Колтаңба





Знание

(Продолжение. Начало на 1 стр.)

Инвестиции в образование - надежное будущее

С сегодняшнего номера газеты "Қазақ университеті" мы будем подробно рассказывать о том, где и как получить образование за рубежом. Начнем с АВСТРАЛИИ, поскольку информации о ней всегда было немного.



Система образования Австралии, которая только в 1901 году формально перестала быть британской колонией, подобно английской, качества. Сегодня среди стран экономического сотрудничества и развития (ОЭСР) Австралия занимает третье место по уровню образованности (в частности, 31% ее взрослого населения имеет высшее образование) и второе - по количеству учащихся. Для страны с населением 19 млн. человек система образования Австралии весьма развита. Она включает 39 университетов, два из которых являются частными. Наибольший выбор государственных и учебных заведений предлагают Сидней и Мельбурн - два самых крупных города страны.

Рейтинги

Университеты Австралии занимают ведущие позиции в Тихоокеанском регионе и имеют высокую международную репутацию. Однако все же при выборе варианта обучения полезно принимать в расчет и репутацию вуза в целом, и конкретной специальности, по которой вы планируете учиться. Для этого можно воспользоваться рейтингом Good Universities Guide, ежегодно публикуемым в качестве отдельного справочника.

В целом можно отметить, что в группу самых престижных входят Университет Сиднея (основан в 1851 году, первым в стране), Университет Нового Южного Уэльса (University of New South Wales, UNSW), Мельбурнский университет (University of Melbourne), Квинслендский университет (University of Queensland), Австралийский национальный университет (Australian National University, ANU) и некоторые другие.

Австралийские университеты в рейтинге Best Universities 2000

Название университета	Место
Australian National University	8
University of Melbourne	9
University of New South Wales	10
University of Sydney	13
University of Auckland	21
University of Western Australia	23
University of Queensland	25
University of Adelaide	26
Monash University	30
University of Wollongong	41

Учебный процесс

СТЕПЕНЬ МАГИСТРА ТРЕБУЕТ 1-1,5 ГОДА ЗАНЯТИЙ. Цена на учебу играет не последнюю роль. Год учебы в университетах Австралии стоит в среднем \$ 7,500. Для сравнения год учебы в Великобритании \$ 12000, а в США \$15000. Плюс дешевая по сравнению с Англией жизнь. Ну и, конечно, заманчивая для студента-иностранца возможность легально работать (20 часов в неделю).

Для зачисления в университеты требуется наличие аттестата или диплома, хорошее знание английского языка (на уровне 6,5 баллов по IELTS или 580 баллов по TOEFL).

Дін - тәрбие дінгегі

"Рамазан - адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы, бекем тұтынатын жолбасшы ретінде Құран түсіріле бастаған ай. Рамазан айы туганын көрген адам бірден ораза ұстайтын болсын. Егер біреулер ауру болып, өйтпесе жолсапарда жүрсе, онда басқа күндерде өтесін. Алла сендерге жеңілдік болуын қалайды, ауырлық түсіргісі келмейді".
("Бақара" сүресі, 185-аят).



ОРАЗАҢ ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ҰСТАҒАН ЖАН!

Күллі мұсылман қауымы басынан нешеме зұлмат заманды, аласапыран шақты өткерсе де, жаратқан Алланың аузынан гасламапты, дінін таптамапты. Әрбір қазақ баласы да өзінің Алланың құлы, Мұхамедтің үмбеті екенін мойындайды. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің ең үлкен жетістіктерінің бірі де - осы дін алдындағы еркіндікке, еркіндік болғанда өз дінімізге, өз Алламызға басқаға жалтақтамай ғибадат етуге қол жеткізгендігіміз. Иманы тұзу адам ар алдында да, Алла алдында да адал, таза болмақ. Борыш, парызы мойнына жүктемес болар.

Исламның бес парызының бірі - ораза тұту. Ер жеткен және есі дұрыс әрбір мұсылман азаматының рамазан айында 30 күн ораза тұтуы парыз. Рамазан айының 26-нан 27-не өтетін түнін (биыл 11.12.-ден 12.12.-не өтетін түн) Лайлагул Қадыр түні деп атайды. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадис шарифинде бұл түн туралы былай деп айтылады: "Егер кімде-кім иман келтіріп, сауабын Алладан тілеп, қадыр түнін таң атқанша ұйықтамай ғибадатпен өткізсе, онда мың ай Алла Тағалаға ғибадат қылғанмен теңеседі және өткен күнәлары кешіріледі".

Ораза тұтқан адам өзін тек тамақтан ғана емес, жаман әдеттерден, бейпіл сөздерден, арам ойлардан тияды. Оразада шама келгенше күнәдан сақтану керек. Қалай болса солай, күнәдан тыйылмай, аузына не келсе соны сөйлеп жүргендегі ораза сауапты болмайды. Ал, наукас немесе сапарда жүргендер кейін қаза болған күндерін өтеуге міндетті. Қазір ауыз бекітіп, ораза ұстағандардың қатары жыл

санап көбейіп келеді. Әсіресе, жастар жағы бұл бір парызын өтеуге пейіл танытуда. Бұл тек қызығушылықтан туған науқан емес, біріншіден, мұсылмандық парызы болса, екіншіден, күнәдан арылу, тазару. Кейбіреулер бір ай ғана теріс қылықтан, тамақтан өзінді-өзің жеңіп, қалған уақытта білгенінді істесең ораза ұстаудың керегі не деген секілді жаңсақ пікір қалыптастырған. Неге жаңсақ? Себебі, Алланың барын мойындаған, тоқтықтың қалірін түсінген, Құран ұстап, оның қасиетті сөздерін аузына алған адам кез-келген уақытта өзіне тоқтау сала алады. Ұлы Рамазан айында парызыңды өтеу рухыңды нығайтады, ойыңды тазартады, ал адамның әр уақытта төнінен жаны, рухы мықты болғаны жөн. Сонымен бірге ұстамдылық, сабырлық, тазалық сияқты асыл қасиеттерді берік ұстанатын боласың. Қасиетті күндерде айтқан сөз, жасаған ісін басқа күндерге жарығын түсіріп, жақсылықтың, имандылықтың бастауы болмақ.

Құдіреті күшті Алла Тағала өз пендесін ақ-қара, бай-кедей, кәрі-жас деп бөлмейді. Сондықтан да, иманға келіп, ораза тұтып жүрген жастарға, студенттерге, оқушылар сезіктене қараудың еш жөні жоқ. Жаратқанның алдында бәріміз бірдейміз. Ал, тәубаға келіп, өз несібімізді өзіміз тауып жеу қолымыздан келетін нәрсе. "Ораза, намаз - тоқтықта" емес, үлкен сенім мен қанағатта болса керек. Ендеше, ұстаған оразаларың қабыл болып, тілектерің Алланың құлағына шалынсын, мұсылман бауырлар!

Торғын ТҰРЛЫБАЕВА

ПРОЙДЕННЫЙ ПУТЬ

Моя "Ленсмена". Козыбаев С. - автор проекта. А., 2001, 32 п.л. рус.

В книге представлено свыше трехсот документов государственных архивов Казахстана, Москвы, Санкт-Петербурга, Оренбурга, редакции газеты и личных архивов, которые впервые вводятся в научно-публицистический оборот.

Книга посвящена 80-летию старейшей в стране ежедневной республиканской газете "Ленинской смене", ставшей своеобразной кузницей кадров СМИ Казахстана и постсоветского пространства.

Для широкого круга читателей.

КОРНИ ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЫ

Турсынов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Коркыт. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. - 168 с.

Книга Едыге Турсынова посвящена актуальным проблемам современного казахского фольклора, истории духовной культуры тюрко-монгольских народов, а также освещает историю зарождения, формирования, становления жанров устного народного творчества.

Отдельная глава посвящена древнейшим типам казахской поэтической традиции: акынам, салам, серы и жырау.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

- Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
- Бас редактордың орынбасары - Нәйлә Салдықова;
- Жауапты хатшы - Дарига Амангельдиева;
- Теруші - Айтгүл Бабасова;
- Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;
- Фототілеуші - Мамыржан;
- Немірдің кезекші редакторы - Сәндібек Жұбаниязов.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

- Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
- Ж. ДӘДЕБАЕВ - проректор;
- Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
- А. ЕЛІБАЕВА - студенттердің "Сұңқар" кәсіподақ ұйымының төрайымы;
- Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
- Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ - кафедра меңгерушісі.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-қабат, №1000 бөлме

Немір "Полиграфсервис" баспасында 27.11.2001 ж. басылды

Бағасы келісім бойынша Таралымы - 1000 дана Көлемі 26 т. Индексі 65989 №35 тапсырыс

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді

Құрметті ұстаздар мен студенттер!

28-қараша күні ҚазҰУ-дің биология факультетінің ақт залында ел тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған жыр мұшайрасы өтеді. Бағдарламада жыр мұшайрасы, концерт, Келем деушілерге есік ашық. Басалуды сағ. 17.30. "Жас ақындар" бірлестігі.

Құлыққағыс БАҚ мәселесі басты назарда

7-8 желтоқсанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ректорат ғимаратының 15-қабатында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған "БАҚ әлемдік ақпараттық кеңістікте: тәжірибесі, проблемалары, даму тенденциялары" атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция өтеді. Оны Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен ҚазҰУ ұйымдастырып

отыр. Конференция жұмысында үш секция бойынша "БАҚ және қоғамның басқа да институттары: құқықтық және саяси мәселелер", "БАҚ дамуының теориялық мәселелері", "Мемлекеттік тіл саясатын насихаттау мен түсіндірудегі БАҚ-тың рөлі" мәселелері қарастырылады. Оған ғалымдар, оқытушылар, аспиранттар, магистрлер мен ізденушілер шақырылады. Ұйымдастыру комитеті

2002 Баспасөз-2002 Баспасөз-2002 Баспасөз-2002 Баспасөз-2002 Баспасөз-2002 Баспасөз-2002 Баспасөз

БАСПАСӨЗ - 2002

Құрметті оқырман!

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылғы газет-журналдарға жазылу науқаны аяқталуға жақын. Солардың арасындағы сүйікті басылымдарыңыз "Қазақ университеті" газетіне жазылуды да ұмытып кетпеңіздер.

Газеттің индексі 65989.

Бір жылға жазылу бағасы - 521 теңге 76 тиын.

Газетке жазылу еліміздің кез-келген нүктесіндегі байланыс бөлімшесінде жүзеге асырылады.

